

**Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының  
жалпы жиналысының  
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

**20 қыркүйек 2025 жыл**

**Қызылорда қаласы**

Жиналысты Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының төрағасы М.Даубалаев ашып, мандаттық комиссия төрағасына сөз берді.

Мандаттық комиссия төрағасы Ш.Наркешбаев жалпы жиналысқа қатысып отырған адвокаттар саны **132** екенін, алқа мүшелігінде барлығы **157** адвокат екенін, яғни кворум бар екенін жариялады.

Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының төрағасы М.Даубалаев, жалпы жиналыс хатшылығына адвокат Е.Алтаевты ұсынып, оның кандидатурасын дауысқа салды, жалпы жиналыс бірауыз дауыспен жалпы жиналыс хатшылығына адвокат Е.Алтаевты сайлады.

Төраға жиналыс күн тәртібіне екі мәселе: Республикалық адвокаттар алқасының Конференциясына алқаның атынан кандидаттарды сайлау; РАА-ның төрағасы лауазымына өңірден бірегей кандидат ұсыну мәселесін және жиналыс регламенті шығып сөйлеушілерге 3 минут деп ұсынды.

Жалпы жиналыс бірауызбен жиналыс күн тәртібін және регламентін бекітті.

Алқа төрағасы М.Даубалаев жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Республикалық адвокаттар алқасының Конференциясына алқаның атынан кандидаттарды сайлауды ұсынды.

Бір ауыздан кандидаттар сайланып оларға алқа атынан мандат берілді.

Жиналыстың күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша адвокаттар Б.Алдоңғаров, Г.Миманова, К.Құсекеев ұсынуымен алқа төрағасы М.Даубалаев РАА-ның төрағасы лауазымына өңірлік алқа атынан бірегей кандидат ретінде ұсынылып, дауысқа салынды, жалпы жиналыс бірауыз дауыспен кандидатты сайлады.

**Жалпы жиналыс хаттамалық**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Республикалық адвокаттар алқасының Конференциясына Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының атынан делегат ретінде алқа төрағасы М.Даубалаев, РАА-ның төралқасының мүшесі Т.Мырзамбетов және адвокаттар Ш.Наркешбаев, Х.Усейнов, Б.Иманғалиев, Б.Балкей, Д.Б.Тян сайлансын.

2. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы лауазымына Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының атынан бірегей кандидат ретінде Даубалаев Мейрбек Тилләбекұлын ұсынылсын.

Жалпы жиналыс күн тәртібіндегі мәселер бойынша дауыс беру аяқталған соң жалпы жиналысты төраға жабық деп жариялады.

Хатшы:



**Е.Алтаев**